Ұсыным:

Сақтандыру және кепілдік беру департаменті «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының жұмыстарды орындауымен/қызметтерді көрсетуімен байланысты шығындарын сақтандыру жөніндегі қағидаларының 84-тармағына аталған Қағидалардың 59-тармағына сілтемені дұрыс көрсету бөлігінде өзгеріс енгізсін.

1.2.15. Өзге де анықтаулар:

Ұсыным:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының сақтандыру және кепілдік беру қағидаларына және сақтандыру шарттарының үлгілік нысандарына «терроризмді қаржыландыру» ұғымын «терроризмді қаржыландыру және жаппай қрып-жою қаруын таратуды қаржыландыру» ұғымына ауыстыру бөлігінде өзгерістер енгізілсін.

2. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 01 қазандағы шешімімен (№ 15 хаттама) бекітілген Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және талдау жөніндегі қағидаларының 15-тармағына сәйкес, талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп келесі мәселелер түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу;
- 4) жасалған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары шеңберінде жеке және заңды тұлғалармен
- 5) шарттар жасасу және өзара іс-қимыл жасау;
- 6) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 7) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

2.1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау.

Қоғамның штаттық кестесіне және Қайта сақтандыру департаменті туралы ережеге сәйкес

Бөлімше құрамына мыналар кіреді:

Директор – бір бірлік;

Директордың орынбасары – бір бірлік;

Бас менеджер – бір бірлік.

Атап өту қажет, 2025 жылы Бөлімшенің штаттық саны [саннан] 3 (үш) бірлікке дейін ұлғайтылды.

Бөлімшенің барлық қызметкерлері Бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ қызметкерлердің жеке істерінде бар соттылығының болмауы туралы анықтамалар (директор мен директордың орынбасарына қатысты) және тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер (бас менеджерге қатысты) ұсынылған.

Қоғамның штаттық кестесіне және Сақтандыру және кепілдік беру департаменті туралы ережеге сәйкес бөлімше мыналардан тұрады:

Директор – бір бірлік;

Директордың орынбасары - бірлік;

Бас менеджер – бірлік () бас менеджерлер (тарту), () бас менеджер (скоринг), () бас менеджерлер (әдіснама), () бас менеджер (талдау және есептілік), () бас менеджерлер (қаржылық талдау), () менеджер).

Атап өту қажет, Қоғам Басқармасының (№ хаттама) шешімімен Сақтандыру және кепілдік беру департаментінің штаттық саны ұлғайтылып, лауазымды құрады.

Сақтандыру және кепілдік беру департаментінің барлық қызметкерлері Бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ талданатын кезеңде іріктеуден өткен бөлімшенің әрбір қызметкеріне қатысты тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер ұсынылған және олар жеке істерінде бар.

Қоғамның штаттық кестесіне және Саудалық қаржыландыру департаменті туралы ережеге сәйкес бөлімше мыналардан тұрады:

Директор – бірлік;

Директордың орынбасары – бірлік;

Бас менеджер – бірлік;

Өңірлік директорлар – бірлік, өңірлік менеджер – бір бірлік.

Атап өту қажет, Қоғам Басқармасының (№ хаттама) және (№ хаттама) шешімдерімен Саудалық қаржыландыру департаментінің штаттық саны бөлімше құрамына өңірлік директорларды (бірлік), өңірлік менеджерді (1 бірлік) және бас менеджерді (1 бірлік) қосу арқылы () бірліктен () бірлікке дейін ұлғайтылды.

Бөлімшенің барлық қызметкерлері Бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ талданатын кезеңде іріктеуден өткен бөлімшенің әрбір қызметкеріне қатысты тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер ұсынылған және олар қызметкерлердің жеке істерінде бар.

Қоғамның штаттық кестесіне және Алматы қаласындағы Өкілдік туралы ережеге сәйкес бөлімше мыналардан тұрады:

Директор – бірлік;

Бас менеджер – бір бірлік;

Бөлімшенің барлық қызметкерлері Бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ талданатын кезеңде іріктеуден өткен бөлімшенің әрбір қызметкеріне қатысты тұлғаның

сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер ұсынылған және олар қызметкерлердің жеке істерінде бар.

Талданатын кезеңде жақын туыстарының, жұбайларының, жекжаттарының иелігіндегі лауазымға тікелей бағынысты лауазымды атқару фактілері анықталған жоқ.

2.1.1. Қоғамдағы бос лауазымдарға кандидаттарды іріктеуді жүргізу келесі кезеңдерді қамтиды:

1) кандидаттарға деген қажеттілікті анықтау және оларды іздестіру (конкурсты бастауға бекітілген штаттық кестеде бос лауазымның болуы негіз болып табылады);

2) бос жұмыс орны туралы ақпаратты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бірыңғай мансаптық порталында, Қоғамның интернет-ресурсында («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компанияларындағы мансаптық мүмкіндіктер» қосымша беті), сондай-ақ сыртқы ақпараттық ресурстарда (Электрондық еңбек биржасы, «Headhunter» ақпараттық сервисі және т.б.) орналастыру;

3) кандидаттарды іздестіруді жүзеге асыру (іздестіру ішкі және сыртқы арналар арқылы жүзеге асырылады, оның ішінде кадрлық резервтер, Қоғамның, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымдарының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бірыңғай мансаптық порталындағы бос лауазымға үн қосқан қызметкерлері, сондай-ақ сыртқы ақпараттық ресурстар (Электрондық еңбек биржасы, «Headhunter» ақпараттық сервисі және т.б.);

4) кандидаттарды бастапқы іріктеу (түйіндемелердің біліктілік талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізіледі. Конкурсқа қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген шектеулері бар тұлғалар жіберілмейді);

5) кәсіби және тұлғалық құзыреттерді бағалау (кандидаттар кәсіби білімдері мен қабілеттерін тестілеуден, сондай-ақ Қоғам өкілдіктерімен сұхбаттан өтеді. Бағалау нәтижелерінің объективтілігі жағдайлардың стандарттылығымен, өткізілу уақытымен және бағалау іс-шараларының мазмұнымен қамтамасыз етіледі);

6) Қоғамның Комплаенс қызметімен кандидаттарды сенімділік пен аффилиирленгендікке жан-жақты тексеру;

7) шешім қабылдау және еңбек шартын жасасу (бағалау қорытындысы бойынша таңдалған кандидатты тағайындауға ұсыным қалыптастырылады, ол белгіленген келісу рәсімінен өтеді. Жұмысқа қабылдау туралы түпкілікті шешімді Қоғамның уәкілетті тұлғасы қабылдайды).

Кандидаттарды іріктеу процесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Бірыңғай мансаптық порталы және Қоғамның «SimBase» АЖ негізінде автоматтандырылған.

Айта кету керек, Қоғам Басқармасы Төрағасының 14.08.2024 ж. № 125-Ө «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде жүргізілген 2024 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаментіне *«кандидаттарды іздеу және іріктеу процесін автоматтандыру мүмкіндігін қарастыру, оның ішінде кандидаттардың кәсіби білімдерін тестілеу рәсімін жазу/бейнетіркеу шараларын енгізу мүмкіндігімен автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдана отырып тестілеуден өтуін қарастыру» ұсынымы берілді, оның қорытындысы бойынша Қоғамның «SimBASE» АЖ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бірыңғай мансаптық порталымен интеграцияланды (Өндірістік пайдалануға енгізу актісі).*

Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаментінен алынған мәліметтерге сәйкес, талдау объектілері бойынша 01.01.2024-31.10.2025 жж. кезеңінде қызметкерлермен еңбек шарттары

бұзылды, оның ішінде:

- қызметкердің бастамасы бойынша – бірлік;
- тараптардың келісімі бойынша – бірлік;
- еңбек шарты мерзімінің аяқталуы бойынша – бірлік;

01.01.2024-31.10.2025 жж. кезеңінде қызметкер қабылданды, оның ішінде:

- Сақтандыру және кепілдік беру департаменті – Департамент директоры (бірлік);
- Сақтандыру және кепілдік беру департаменті – Департамент директорының орынбасары (бірлік);
- Сақтандыру және кепілдік беру департаменті – Бас менеджер (тарту) (бірлік);
- Сақтандыру және кепілдік беру департаменті – Менеджер (тарту) (бірлік);
- Сақтандыру және кепілдік беру департаменті – Бас менеджер (әдіснама) (бірлік);
- Саудалық қаржыландыру департаменті - Бас менеджер (бірлік);
- Саудалық қаржыландыру департаменті - Өңірлік директор (бірлік);
- Қайта сақтандыру департаменті - Бас менеджер (бірлік).

Сонымен қатар, [он] бірлік көлемінде қызметкерлердің ішкі ауысуы байқалады:

- бір лауазымнан екінші тең бағалы лауазымға - бірлік;
- жоғарылату - бірлік;
- төмендету - бірлік.

Талданатын кезеңде «CERT INTERNATIONAL» ЖШС-нің Қазақстан Республикасындағы Филиалы сертификаттау органымен Қоғамның паракорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне сертификаттау аудиті жүргізілді, оның қорытындысы бойынша Қоғам қызметінің, соның ішінде кандидаттарды іріктеу процесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандарты талаптарына сәйстiгi расталды және халықаралық аккредиттелген сертификаттар базасында (www.iafcertsearch.org) тіркелген 09.12.2025 жылғы ABMS-2240/A сәйкестік сертификаты берілді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша бос лауазымдарға орналасуға іріктеу рәсімін бұзу, ішкі ауысулар немесе біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ.

2.1.3. Қоғамның паракорлыққа қарсы менеджмент жүйесі шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен өзге де міндеттемелер талаптарының сақталуы.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес, талдау объектісінің қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау жөніндегі талаптар қолданылмайды, сонымен қатар, Қоғамның әрбір қызметкері Қоғамның электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы танысу және тиісті құжатқа электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қою арқылы Қоғамның қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен таныстырылған.

Қоғамда ПҚМЖ енгізу шеңберінде Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және ПҚМЖ талаптарын зерделегенін және оларды адал орындауға міндеттенетінін электрондық-цифрлық қолтаңбамен растауға қол қою арқылы мақұлдады.

Талдау нәтижелері бойынша талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен ПҚМЖ талаптарын бұзу фактілері анықталған жоқ.

2.1.4. «Сенім» желісіне келіп түсетін хабарламаларды талдау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес, Қоғам қызметкерлердің және өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бұзушылықтар туралы ақпаратты

хабарлауына арналған «Сенім» желісі арнасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, оның ішінде:

Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының ережелерін бұзушылықтар туралы;

Қоғам қызметкерлерінің және Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалардың сыбайлас жемқорлық, алаяқтық әрекеттер жасау күдіктері, ниеттері және (немесе) фактілері туралы;

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғалардың, Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін әрекетсіздігі туралы;

Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлғаларға, Қоғам қызметкерлеріне қандай да бір тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға бейімдеу мақсатында жүгіну фактілері туралы;

кез келген қызметкер немесе Қоғамда басқарушылық функцияларды орындайтын тұлға не Қоғам контрагентінің қызметкері немесе өкілі тарапынан Қоғамға қатысты жасалған ықтимал алаяқтық және өзге де заңсыз әрекеттер туралы.

«Сенім» желісіне мыналар жатады:

- 1) «Сенім» желісінің электрондық поштасы (senim@kazakhexport.kz);
- 2) «Сенім» желісінің телефоны (+7 (7172) 55-44-70);
- 3) Комплаенс қызметі қызметкерлерінің электрондық пошталары (a.zhakayeva@kazakhexport.kz; b.tumenbayev@kazakhexport.kz);

«Сенім» желісінің арналары туралы ақпарат Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған.

Талданатын кезеңде талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа, алаяқтыққа қатысу немесе қатысу күдігі, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, ПҚМЖ талаптарын немесе өзге де заңсыз әрекеттерді бұзу фактілері туралы хабарламалар анықталған жоқ.

2.1.5. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту.

Талданатын кезеңде Қоғам қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы келесі оқыту іс-шараларына қатысты:

2024 жылғы оқыту тақырыптары	
1	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметкерлері мен Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністері немесе алаяқтық жағдайлары туралы ақпарат хабарлайтын тұлғаларды қорғауды және қудаламауды қамтамасыз ету кепілдіктері туралы»
2	Жалпыға бірдей кірістер мен мүлікті декларациялаудың үшінші кезеңі шеңберінде «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары үшін жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау»
3	Алаяқтық әрекеттердің нысандары мен түрлері. «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру»
2025 жылғы оқыту тақырыптары	
1	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да мүдделер қақтығысын реттеу тетігі»
2	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-да сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық көріністері туралы хабардар ету тәртібі мен әрекет ету шаралары»
3	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-дағы қаржылық бақылау шаралары»

4	«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен стандарттар»
5	ISO 37001:2016 халықаралық стандартының негізгі принциптері, тәсілдері мен талаптары
6	ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарын әзірлеу және енгізу
7	ISO 37001:2016 халықаралық стандартына сәйкес Қоғамның парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесіне ішкі аудит жүргізу тәртібі туралы «Парақорлыққа қарсы менеджмент жүйесінің ішкі аудитору» бағдарламасы бойынша оқыту

Өтілген оқыту іс-шараларының қорытындысы бойынша барлық қызметкерлер тесттерді сәтті тапсырды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша ұсынымдар жоқ.

2.1.6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі осы Аналитикалық анықтамаға № 1 қосымшада баяндалған.

2.2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 03 желтоқсандағы шешіміне (№ 23 хаттама) сәйкес Қоғамда корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Қоғам органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әрекеттерін регламенттейтін «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу өніндегі саясаты қолданылады.

Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 09 тамыздағы шешімімен (№ 14 хаттама) бекітілген Комплаенс қызметі туралы ережеге сәйкес Комплаенс қызметінің функциялары мен міндеттеріне мүдделер қақтығысын, оның ішінде жұмысқа орналасу, сатып алу және Қоғамның өзге де бизнес-процестері мәселелерінде анықтау, мониторингтеу және реттеу жөніндегі шараларды қабылдау кіреді.

Мүдделер қақтығысын анықтау мақсатында Комплаенс қызметі ай сайынғы негізде аффилиирленген тұлғалардың тізімін жүргізеді және тоқсан сайынғы негізде Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылатын Аффилиирленген тұлғалар тізілімін жаңартып отырады.

Аффилиирленгендік және (немесе) мүдделілік белгілерінің болуын тексеруді мәміле жасалғанға дейін бастамашы, сондай-ақ мәмілені комплаенс-тексеру жүргізу сәтінде Комплаенс қызметі жүзеге асырады.

Атап өту қажет, Комплаенс қызметінің бизнес-процестерін автоматтандыру нәтижелері бойынша, 2025 жылдың басынан бастап ықтимал мүдделер қақтығысын ашуды электрондық декларациялау енгізілді және қолданылуда.

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Корпоративтік қақтығыстарды және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатына сәйкес мүдделер қақтығысын декларациялау келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
- 2) жыл сайынғы негізде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;
- 3) жеке мүдделіліктің болуы мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соқты деп пайымдауға негіздер болған жағдай туындаған кезде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу.

2025 жылдың басынан бастап ықтимал мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді Қоғамның барлық қызметкерлері электрондық құжат айналымы жүйесінде тиісті декларацияны толтыру және қалыптастыру және электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қою арқылы ұсынды.

Талданатын кезеңде Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық функцияларын орындау кезінде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

2.3. Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу.

Талданатын кезеңде талдау объектісінің қызметі сақтандыру, қайта сақтандыру қызметі және кепілдік беру процестерінің ішкі аудитіне ұшырады. Аудиторлық тексеру 2023 жылғы 11 маусымнан 2024 жылғы 01 қыркүйекке дейінгі, сондай-ақ 2024 жылғы 01 қыркүйектен 2025 жылғы 01 сәуірге дейінгі кезеңге жүргізілді.

Жүргізілген ішкі аудиттердің нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сондай-ақ, 2025 жылдың үшінші тоқсанында Қоғамға қатысты Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы тарапынан жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалау мәніне 2025 жылғы 25 тамыздан 2025 жылғы 31 қазанға дейін мемлекеттік аудит жүргізу басталды.

Осыған байланысты, Жұмыс тобы тарапынан жүргізілген талдау шеңберінде ұсынымдар берілген жоқ.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша ұсынымдар берілген жоқ.

2.4. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Аффилиирленгендік және (немесе) мүдделілік белгілерінің болуын тексеруді мәміле жасалғанға дейін бастамашы, сондай-ақ мәмілені комплаенс-тексеру жүргізу сәтінде Комплаенс қызметі жүзеге асырады.

Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының 8-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының бірі Қоғамның контрагенттерімен соңғыларының осы Саясат ережелерін сақтауына қатысты мәселелерді келісу, контрагенттердің өздерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерін әзірлеуі, контрагенттермен жасасылатын келісімдер мен шарттар мәтініне сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулерді қосу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шаралар болып табылады.

Қоғам Басқармасы Төрағасының 15.10.2025 ж. № 166-Ө бұйрығына сәйкес жүргізілген ПҚМЖ ішкі аудитінің нәтижелері бойынша бір көзден алу тәсілімен сатып алу шарттарында (үлгілік емес нысан) сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемелердің жоқтығы туралы бақылау атап өтілді.

Сонымен қатар, Қайта сақтандыру департаментінің қызметі шығыс/кіріс қайта сақтандыру процестері шеңберінде, соның ішінде шетелдік контрагенттермен шарттар жасасуды көздейтінін ескере отырып, жасасылатын қайта сақтандыру шарттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулерді қарастыру қажеттілігі бар.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша жасасылатын қайта сақтандыру шарттарының талаптарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулерді қосу ұсынылады. (Орынд. Б. Түменбаев)

2.5. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Талдау объектісінің қызметі ақпараттық жүйелерді әзірлеуді көздемейді.

3. Қосымшалар:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі.

4. Қорытындылар:

Талдау объектісінің қызметіне қатысты ішкі құжаттарды талдау қорытындысы бойынша Қоғамның келесі ішкі құжаттарын өзектендіру, өзгерістер/толықтырулар енгізу жөнінде ұсынымдар берілді:

- 1) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Қайта сақтандыру жөніндегі саясаты;
- 2) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Кіріс қайта сақтандыру регламенті;
- 3) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Жобалық қаржыландыруды ерікті сақтандыру қағидалары;
- 4) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Зайымдарды ерікті сақтандыру қағидалары;
- 5) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеумен (зайымдармен) байланысты портфельдік сақтандыру жөніндегі қағидалары;
- 6) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Аккредитивтерді сақтандыру қағидалары;
- 7) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушыларға экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсыну қағидалары;
- 8) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру қағидалары;
- 9) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Инвестицияларды сақтандыру қағидалары;
- 10) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының аванстық төлемдерді қайтару бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары;
- 11) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттық кредиттерді сақтандыру қағидалары;
- 12) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Халықаралық факторингті сақтандыру қағидалары;
- 13) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Шетелдік контрагентті қаржыландыру кезінде кредиттік ұйымды сақтандыру қағидалары;
- 14) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының мерзімді валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары;
- 15) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары;
- 16) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Шетелдік банктер берген банктік кепілдіктерді сақтандыру қағидалары;
- 17) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-мен шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін кредиттеумен (зайымдармен) байланысты мәмілелерді сақтануды қағидалары;
- 18) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының қаржылық ұйымдар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары;
- 19) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Қаржылық лизингті ерікті сақтандыру қағидалары;
- 20) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттаушының жұмыстарды орындауымен/қызметтерді көрсетуімен байланысты шығындарын сақтандыру жөніндегі қағидалары;
- 21) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Қаржылық ұйымдардың шығындарын сақтандыру қағидалары;

Орын.: Б.Туменбаев

22) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі мәмілелерді кепілдік беру қағидалары;

23) «Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Экспорттық саудалық қаржыландыруды ұсыну қағидалары.

Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, сонымен бірге жасасылатын қайта сақтандыру шарттарының талаптарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулерді қосу жөнінде ұсынымдар берілді.

Басқарма Төрағасы

А.С. Шайжүнісов

Басқарма Төрағасының Орынбасары

А.Е. Бектыбаева

Басқарма Төрағасының Орынбасары

М.Н. Ержанова

Басқарма Төрағасының Орынбасары

А.Ж. Балкин

Комплаенс қызметі:

Комплаенс қызметінің басшысы

А.С. Жақаева

Бас комплаенс-бақылаушы

Б.М. Түменбаев

Бас комплаенс-бақылаушы

А.С. Ауғанбаева

Талдау объектісінің басшылары:

Қайта сақтандыру департаментінің директоры

А.С. Жұмабеков

Сақтандыру және кепілдік беру департаментінің директоры

Е.В. Әбілова

Саудалық қаржыландыру департаменті директорының орынбасары

А.Е. Абай

Алматы қ. Өкілдігінің директоры

А.Н. Қалқаев

Адам ресурстарын басқару және операциялық қызмет департаментінің директоры

А.К. Кенесова

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
анықталған
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Қайта сақтандыру департаменті

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Директор	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес департамент директорының функцияларына мыналар кіреді: 1) қайта сақтандырудың бас келісімдерін, қайта сақтандыру (ретроцессия) шарттарын жасасу; 2) қайта сақтандыру шарттары жасасылған қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайын талдау.	Тапсырмаларды орындау және функцияларды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы, олар мыналардан тұрады: 1) шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертулердің болмауы; 2) контрагентке айыпшұл санкцияларының қолданылмауы немесе азайтылуы; 3) талдауда клиенттің теріс қаржылық көрсеткіштерін елемей / талдаудан сәтті өту үшін деректерді бұрмалау; 4) есептік құжаттарда көрінеу жалған мәліметтерді бұрмалау, жасыру немесе ұсыну.	Төмен*
Директордың орынбасары	Департамент директорының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес департамент директоры болмаған кезде оның лауазымдық міндеттерін атқару оның орынбасарына жүктеледі.		Төмен*

* Талдау жүргізілген күнге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілері болған жоқ.

Ескертпе: Ұсынылған тізбе түпкілікті болып табылмайды және кейінгі жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар шеңберінде қайта қаралуы мүмкін.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытынбысы бойынша
анықталған
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:
«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Сақтандыру және кепілдік беру департаменті

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Директор	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес департамент директорының функцияларына мыналар кіреді: 1) олармен бірлесіп іске асырылатын жобалар шеңберінде клиенттермен, банктермен және өзге де қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасау; 2) сақтандыру немесе кепілдік тәуекелінің көзі болып табылатын объектінің жай-күйін бағалау мазмұндалатын, Департаменттің сақтандыру қорғанысын, кепілдікті ұсыну немесе оны ұсыну шарттарын өзгертудің мақсаттылығына қатысты ұстанымы баяндалатын Департамент қорытындысын келісу. Сақтандыру тәуекелін барынша азайту бойынша уәкілетті органдардың мүшелері үшін ұсынымдар дайындау; 3) сақтандыру қорғанысын, кепілдік беруді ұсыну немесе оны ұсыну шарттарын өзгерту мәселесін Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару; 4) сақтандыру және қаржылық тәуекел көзі болып табылатын объектінің қаржылық жағдайын, сақтандыру және қаржылық тәуекелдердің дамуына ықпал ететін және кедергі келтіретін факторларды бағалайды; БАҚ-тағы ақпараттық аяны, қарыз алушының/борышкердің репутациялық тәуекелдерін және т.б. бағалау; 5) Қоғамның уәкілетті органының қабылданған шешімі шеңберінде сақтанушының қаржылық жағдайына мониторингті, сақтандыру шарттарының және кепілдіктер беру шарттарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады; 6) сақтандыру объектісінің сақтандыру қорғанысының жарамдылығы үшін клиенттің сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеуіне мониторинг жүргізу;	Тапсырмаларды орындау және функцияларды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы, олар мыналардан тұрады: 1) жеке мүдде алу мақсатында жекелеген клиенттерге басымдықтар беру; 2) ресми рәсімдерді жеңілдеткені үшін төлемдер (facilitation payments) немесе клиенттің өтінішін қарауды тездеткені үшін төлемдер; 3) жеке мүдде алу мақсатында талдауда клиенттің теріс қаржылық көрсеткіштерін елемеу / талдаудан сәтті өту үшін деректерді бұрмалау; 4) жеке мүдде алу мақсатында тиісті бағалау мен тәуекелдерді талдауды жүргізбестен сақтандыру/қайта сақтандыру қорғанысын немесе кепілдік беруді ұсыну туралы шешім қабылдау; 5) жеке мүдде алу мақсатында есептік құжаттарда көрінеу жалған мәліметтерді бұрмалау, жасыру немесе ұсыну; 6) жеке мүдде алу мақсатында сақтандыру/кепілдік беру және қайта сақтандыру шарты талаптарының бұзылуын жасыру; 7) жеке мүдде алу мақсатында клиенттің күдікті тұлғаларды жауапкершіліктен жалтару әрекеттерін қабылдауы мақсатында қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға ақпарат ұсынылғаны туралы клиенттер мен өзге тұлғаларды хабардар ету.	Төмен*

Директордың орынбасары (2 бірлік)	Департамент директорының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес департамент директоры болмаған кезде оның лауазымдық міндеттерін атқару оның орынбасарына жүктеледі; 6) ҚР-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, ҚР-ның дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтау;		Төмен*
-----------------------------------	---	--	--------

* Талдау жүргізілген күнге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілері болған жоқ.

Ескертпе: Ұсынылған тізбе түпкілікті болып табылмайды және кейінгі жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар шеңберінде қайта қаралуы мүмкін.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
анықталған**

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Саудалық қаржыландыру департаменті

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамтитын лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Директор	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес департамент директорының функцияларына мыналар кіреді: 1) саудалық қаржыландыру шеңберінде Қоғам өнімдері бойынша клиенттерді, банктерді және өзге де қаржы институттарын, шетелдік сатып алушылар мен шетелдік контрагенттерді тарту, құрылымдау және олармен өзара іс-қимыл жасау, соның ішінде саудалық қаржыландыру мәмілелерін олар аяқталғанға дейін сүйемелдеу рәсімін бақылау; 2) саудалық қаржыландыру шеңберінде сақтандыру қорғанысын ұсыну немесе оны ұсыну шарттарын өзгерту туралы мәселені Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару; 3) субсидиялауды ұсыну немесе оны ұсыну шарттарын өзгерту туралы мәселені Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару; 4) саудалық қаржыландыру шеңберінде шарттар тараптарының міндеттемелерді орындауы бойынша сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу, қаражатты мақсатты пайдалану мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асыру рәсімін бақылау; 5) субсидиялау шарттары бойынша тараптардың міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыру рәсімін бақылау; 6) шикізаттық емес тауар/жұмыс/қызмет экспорттық келісімшарттарын іске асыру үшін Қоғамға лимит белгілеу мақсатында халықаралық қаржы институттарымен және банктік ұйымдармен, соның ішінде экспорттық-кредиттік агенттіктермен өзара іс-қимыл жасау;	Тапсырмаларды орындау и функцияларды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы, олар мыналардан тұрады: 1) жеке мүдде алу мақсатында жекелеген клиенттерге басымдықтар беру; 2) ресми рәсімдерді жеңілдеткені үшін төлемдер (facilitation payments) немесе клиенттің өтінішін қарауды тездеткені үшін төлемдер; 3) жеке мүдде алу мақсатында талдауда клиенттің теріс қаржылық көрсеткіштерін елемеу / талдаудан сәтті өту үшін деректерді бұрмалау; 4) жеке мүдде алу мақсатында тиісті бағалау мен тәуекелдерді талдауды жүргізбестен сақтандыру/қайта сақтандыру қорғанысын немесе кепілдік беруді ұсыну туралы шешім қабылдау; 5) жеке мүдде алу мақсатында есептік құжаттарда көрінеу жалған мәліметтерді бұрмалау, жасыру немесе ұсыну; 6) жеке мүдде алу мақсатында сақтандыру/кепілдік беру және қайта сақтандыру шарты талаптарының бұзылуын жасыру; 7) жеке мүдде алу мақсатында клиенттің күдікті тұлғаларды жауапкершіліктен жалтару әрекеттерін қабылдауы мақсатында қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға ақпарат ұсынылғаны туралы клиенттер мен өзге тұлғаларды хабардар ету.	Төмен*

	7) ҚР-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындау, соның ішінде іскерлік қарым-қатынастарды орнату кезінде Қоғам клиенттерін (серіктестерін) тиісінше тексеру бойынша қажетті шараларды қабылдау;		
Директордың орынбасары	Департамент директорының лауазымдық нұсқаулығына сәйкес департамент директоры болмаған кезде оның лауазымдық міндеттерін атқару оның орынбасарына жүктеледі.		Төмен*

* Талдау жүргізілген күнге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілері болған жоқ.

Ескертпе: Ұсынылған тізбе түпкілікті болып табылмайды және кейінгі жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар шеңберінде қайта қаралуы мүмкін.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің атауы:

«Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Алматы қ. Өкілдігі

Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін лауазымдық өкілеттіктер қамтитын	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі
Директор	Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес өкілдік директорының функцияларына мыналар кіреді: 1) олармен бірлесіп іске асырылатын жобалар шеңберінде клиенттермен, банктермен және өзге де қаржы институттарымен өзара іс-қимыл жасау; 2) сақтандыру қорғанысын ұсыну немесе оны ұсыну шарттарын өзгерту туралы мәселені Қоғамның уәкілетті органының қарауына шығару; 3) сақтандыру объектісінің сақтандыру қорғанысының жарамдылығы үшін клиенттің сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеуіне мониторинг жүргізу; 4) өз өкілеттіктері шегінде Қоғам тарапынан қаралатын операциялардың тәуекел дәрежесі туралы қорытындылар (тәуекелдерді басқару) ұсыну; 5) ҚР-ның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындау, соның ішінде іскерлік қарым-қатынастарды орнату кезінде Қоғам клиенттерін (серіктестерін) тиісінше тексеру бойынша қажетті шараларды қабылдау.	Тапсырмаларды орындау және функцияларды іске асыру барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау ықтималдығы, олар мыналардан тұрады: 1) жеке мүдде алу мақсатында жекелеген клиенттерге басымдықтар беру; 2) ресми рәсімдерді жеңілдеткені үшін төлемдер (facilitation payments) немесе клиенттің өтінішін қарауды тездеткені үшін төлемдер; 3) жеке мүдде алу мақсатында талдауда клиенттің теріс қаржылық көрсеткіштерін елемей / талдаудан сәтті өту үшін деректерді бұрмалау; 4) жеке мүдде алу мақсатында тиісті бағалау мен тәуекелдерді талдауды жүргізбестен сақтандыру/қайта сақтандыру қорғанысын немесе кепілдік беруді ұсыну туралы шешім қабылдау; 5) жеке мүдде алу мақсатында есептік құжаттарда көрінеу жалған мәліметтерді бұрмалау, жасыру немесе ұсыну; 6) жеке мүдде алу мақсатында сақтандыру/кепілдік беру және қайта сақтандыру шарты талаптарының бұзылуын жасыру; 7) жеке мүдде алу мақсатында клиенттің күдікті тұлғаларды жауапкершіліктен жалтару әрекеттерін қабылдауы мақсатында қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға ақпарат ұсынылғаны туралы клиенттер мен өзге тұлғаларды хабардар ету.	Төмен*

* Талдау жүргізілген күнге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау фактілері болған жоқ.

Ескертпе: Ұсынылған тізбе түпкілікті болып табылмайды және кейінгі жүргізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар шеңберінде қайта қаралуы мүмкін.